

С.Ә. Қалқабәева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: sk.61@mail.ru

КӨРКЕМ ОБРАЗ ПОЭТИКАСЫ

Бұл мақалада әдебиеттану ғылымының ең басты зерттеу объектісі болып табылатын көркем образдың объективті-танымдық және субъективті-шығармашылық аспектілері қарастырылады. Көркем образ туындыгердің шындық жайындағы танымы мен көркем ойлауының нәтижесі болғандықтан, эстетикалық қуатқа, астарлы мағынаға, сан қырлы қасиеттерге ие әдеби категория екендігі дәлелденеді. Сан алуан көркемдік тәсілдер арқылы туындыгер жасаған көркем образдың пайда болу, даму тарихы жайындағы мәліметтерді әлемдік және ұлттық әдебиеттерді салыстыра келе тұжырымдайды. Суреткер қиялының ұшқырлығы мен көркем ойлауы көркем образды жасау шеберлігінен көрінетіндігін контекстік талдаулар арқылы танытуды мақсат етеді.

Зерттеудің басты нәтижелері мен түйінді ойлары мынаған келіп саяды: Образ – өз заңдылықтары мен даралық сипаты бар өзіндік жүйе. Образ ой мен көңіл-күйдің таңбалануы болғандықтан, ол заттық және сезімдік нұсқаға ие. Көркем образдың таңбалану, жасалу амал-тәсілдері алуан түрлі. Көркем образды классификациялау (жіктеу) үшін тектік, тақырыптық, жинақтық, архаикалық, семантикалық, құрылымдық, стильдік сияқты бірнеше негіздерге жүгіну керек. Мақалада көркем образдың табиғаты көп қырлы, мағыналық аясы кең екендігі, жалпылық, жалқылық (даралық) сипаттары жайында тың пікірлер айтылады. Объективті болмыстағы кез келген құбылыстар мен дерексіз ұғымдардың эстетикалық санада сәулеленіп образ түрінде көрініс алатындығы мысалдармен түйінделеді. Қазіргі әдебиеттануда образды жіктеудің жаңа ұстанымдары ұсынылады. Зерттеудегі айтылған түйінді ойлардың көркем образ табиғатын терең тануда, образ түрлерін даралық сипатына қарай жіктеп ажырата білуде маңызы зор.

Түйін сөздер: көркем образ, образдылық, эстетикалық категория, объективті-танымдық аспект, субъективті-шығармашылық тәсіл.

S.A. Kalkabaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: sk.61@mail.ru

Poetics of the artistic image

The article deals with the main objects of study of literary criticism – the objective-cognitive and subjective-creative aspects of the artistic image. Since the artistic image is the result of the artist's knowledge of the truth and creative thinking, it has been proven that this is a literary category with aesthetic power, metaphorical meaning and multifaceted properties. On the basis of comparisons of world and domestic literature, define on the history of the formation and development of an artistic image, created by the author in various artistic approaches are formulated. The main purpose of the article is to show through contextual analysis that the mastery of imagination and artistic thinking of the writer is reflected in the ability to create an artistic image.

The main results and conclusions of the study boil down to the fact that an image is a whole system with its own laws and individual characteristics. Since the image is a reflection of thoughts and mood, it has properties of a material and emotional nature. There are many ways to define and create an artistic image. To classify an artistic image, it is necessary to highlight several key features, such as genre, thematic, typical, archaic, semantic, structural and stylistic. The article also offers new judgments about the versatility of the artistic image, in its wide semantic range, generalized and individual characteristics. With the help of the above examples, it is confirmed that any phenomena and abstract concepts in objective reality are reflected in the form of an image presented in aesthetic consciousness. The main ideas presented in the study are important for a deeper understanding of the nature of the artistic image, the ability to classify the types of images according to their individuality.

Key words: Artistic image, imagery, aesthetic category, objective-cognitive aspects, subjective-creative approach.

С.А. Калкабаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: sk.61@mail.ru

Поэтика художественного образа

В статье рассматриваются основные объекты исследования литературоведения – объективно-познавательные и субъективно-творческие аспекты художественного образа. Поскольку художественный образ является результатом познания художником истины и творческого мышления, в статье доказано, что эта литературная категория обладает эстетической силой, метафорическим значением и многогранными свойствами. Также методом сравнения мировой и отечественной литературы формулируются данные об истории возникновения и развития художественного образа, созданного автором различными художественными способами. Основная цель статьи заключается в том, чтобы показать посредством контекстуального анализа, что мастерство воображения и художественное мышление писателя отражаются в способности создавать художественный образ.

Основные результаты и выводы исследования сводятся к тому, что образ – это целая система со своими закономерностями и индивидуальными характеристиками. Так как образ является отражением мыслей и настроения, он имеет свойства материального и эмоционального характера. Есть много способов обозначить и создать художественный образ. Для классификации художественного образа необходимо выделить несколько ключевых признаков, таких как жанровое, тематическое, типичное, архаическое, семантическое, структурное и стилистическое. В статье также предлагаются новые суждения о многогранности художественного образа, в его широком смысловом диапазоне, обобщенные и индивидуальные характеристики. С помощью приведенных примеров подтверждается, что любые явления и абстрактные понятия в объективной реальности отражаются в виде образа, представляемого в эстетическом сознании. Основные идеи, приведенные в исследовании, важны для более глубокого понимания природы художественного образа, умения классифицировать типы изображений по их индивидуальности.

Ключевые слова: художественный образ, образность, эстетическая категория, объективно-познавательные аспекты, субъективно-творческий подход.

Кіріспе

Әдебиет туралы ілімнің ең басты зерттеу объектісі – көркем шығарма мен образ. Өйткені образ – көркем шығармашылықтың әмбебап категориясы. Өмір құбылыстарының эстетикалық әсерінен туындаған образ – туындыгердің болмысты тануы мен көркем игеруінің формасы әрі көркем бүтіннің бір бөлшегі. Сондай-ақ образдың мазмұндылығы, эмоционалды-экспрессивтілігі туындының өмір сүруіне аса қажетті тәсілдер. Туындыгер тудырған туынды әдебиетке әркез қайталанбайтын көркем образ әкеліп отырады. Жаңа образ сипаты соны ізденістер мен зерттеулерге тұрткі болатыны да заңдылық. Әдеби образ – көркемдіктің үлгісі. Көркем шығармашылықта маңызды қызмет атқаратын көркем образ табиғатын, оның поэтикалық әлемін зерттеу қай кезде де әдебиеттанудың өзекті мәселесі болып қала беретіні сөзсіз. Болмысы үнемі жаңарып, күрделеніп отыратын осы бір әмбебап әдеби категорияның поэтикасын зерттеудің нәтижелері көркем образ табиғатын жаңа аспектілер тұрғысынан танып білуге бағдар беретіні анық.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі эстетикада образ жалпы мен жеке тұлғаның ажырамас бірлігі ретінде түсіндіріледі. Образ сөзінің мәнін ашатын анықтамаларға сүйенер болсақ, Психологиялық сөздікте «Образ ішкі сезімдердің шығармада көрініс алуы» (David Matsumoto, 2009) екендігі айтылса, философ ғалымдар: «Образды объектінің адам санасында көрінуінің түрі» (Elena Ciprianová, Zuzana Kováčová, 2018: 7), – деп түсіндіреді. Әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Көркем образ – әдебиетте, өнер салаларында өмір шындығын, қоғамдық құбылыстарды, табиғатты, адам тағдырын бейнелеп көрсету тәсілі» (Әдебиеттану. Терминдер сөздігі, 1998: 185), – деген анықтама беріледі.

Образ хақында әдебиет сыншысы В.Г. Белинский кезінде образды ойлау ақиқатты дәлелдемейді, шындықтың бейнесін көзге елестететінін айтса, теоретик-ғалым Л.И. Тимофеев: «Образ – эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті» (Тимофеев, 1971: 457), – дейді. Қазіргі теоретик-ғалым,

философия ғылымдарының докторы В.Е. Хализев «Әдебиет теориясы» оқулығында: «Образды бейнелеу көру, есту сезімдері арқылы іске асатын санадағы құбылыс», (Хализев, 1999: 23) – деп тұжырымдайды. Ал отандық теоретик ғалымдарымыздың айтуынша, «көркем образ – қаламгердің шындық болмысты көркемдікпен қабылдауын танытатын эстетикалық категория» (Джуанышбеков, Темирболат, 2009: 23-24).

Бүгінгі таңға дейінгі образ жайында айтылған пікірлерді келтіре берер болсақ, образ категориясы туралы теориялық ойлар аз айтылған жоқ. Дегенмен әдебиетте жасалып жатқан образдар өзіне дейінгіні қайталамайтын дара құбылыс екендігін ескерер болсақ, көркем образдың әлі де зерттеуді қажет ететін тылсым сырлары мен құпия қырлары жеткілікті.

Бұл зерттеуде сөз өнеріндегі өмір шындығын көркем суреттеудің аса маңызды тәсілі болып табылатын көркем образдың объективті-танымдық және субъективті-шығармашылық аспектілерін қарастыру, образдың заман талғамына сай жаңарып отыру ерекшеліктерін айқындау сияқты жайларды зерттеуді мақсат еттік. Сан ғасырлық тарихы бар көркем образдың пайда болу, даму, жаңғыру процесі жайындағы мәліметтерді әлемдік және ұлттық әдебиеттерді салыстыру, поэтикалық әлеміне контекстік талдау жасау әдістері арқылы сөз етуге тырыстық. Көркем образ поэтикасын айқындайтын жоғарыда айтылған мәселелерді қарастыруда төмендегідей аспектілерді зерттеуге ден қойдық:

- көркем образдың көп қырлы табиғатын, жалпылық, жалқылық (даралық) сипаттарын ашу;
- образдың көркемдік, эстетикалық жақтарын таныту;
- образ бен образдылық ұғымының мәнін ашу;
- көркем образдың объективті-танымдық және субъективті-шығармашылық аспектілерін айқындау;
- көркем образдың таңбалану, жасалу амал-тәсілдерінің алуан түрлігіне талдау жасау;
- көркем образдың тарихи дамуы, өнердегі жаңа стильдің образға ықпал етуі;
- қазіргі әдебиеттануда образды жіктеудің жаңа ұстанымдарын ұсыну т.б.

Көркем образ поэтикасын тереңірек танып білуге бағдар беретін осындай мақсат-міндеттерді шешудің теориялық және практикалық мәні зор.

Нәтижелер мен талқылау

Әдебиет өмір құбылыстары мен өмір шындығын көркем образ арқылы бейнелеп та-

нытады. Алайда көркем шығарма – өмірдің көшірмесі емес, оны образды түрде көркем игеру. Қаламгердің танымы мен көркемдік амал-тәсілдері арқылы баяндалатын көркем шындық оқырманға эстетикалық әсер дарытып, рухани ләззатқа бөлейтіндей деңгейде суреттелуі тиіс. «Әдебиеттану терминдерінің сөздігіндегі» (Әдебиеттану. Терминдер сөздігі, 1998: 193) анықтамалармен толықтырар болсақ, көркем шындық – өмірді образды түрде бейнелеп, оны озық көзқараспен, жоғары эстетикалық мақсат тұрғысынан терең ашу. Адам үшін маңызды деген жайларды типтік дәрежеге көтеріп, бейнелеу. Демек адам өмірінің шындығы әдебиеттің мазмұны болса, көркем образ – туындыгердің шындық жайындағы объективті танымы мен көркем ойлауының нәтижесі екен.

Әдеби образды жасауда көркемдіктің атқаратын қызметі аса маңызды. Көркемділік – өнердегі эстетикалық сұлулық, болмысты бейнелеп, өрнектеп сипаттау. Ол көркем шығарма мен образдың сапалық қасиетін айқындайды. Көркем образ эстетикалық, танымдық, тәрбиелік, коммуникативтік және басқа мүмкіндіктерді қамтиды. Кейде тамаша сомдалған әдеби образ өмірдегі жағдайларға әсер ететініне мысалдар жеткілікті. Мысал келтірер болсақ, қайғылы нәтижемен аяқталған махаббат хикаясы мотиві баяндалатын В. Гетенің «Жас Вертердің қайғысы» (Goethe, 1974) романындағы кейіпкер Вертерге еліктеп өз-өзіне қол жұмсаған жастардың болғандығы бір ғана дәлел.

Шығарманың көркемдік әлемі дегенде жазушының көркемдік ойлауын, идеясын, көркем қиялын т.т. ұғамыз. Шығармашылық әлемінде көркемдік ойлау, көркемдік қиял – басты қасиеттердің бірі. Көркемдік ойлау – дүниені көркемдік тұрғысынан игеруге қабілеті ақыл-ой қызметі. Оған тән басты ерекшелік – әлемді эмоциялық-образдық тұрғыдан тану, эстетикалық талғаммен қабылдау. Көркемдік ойлау өнер туындысының эстетикалық қуатын арттыратын шығармашылық іс-әрекет. Көркемдік қиял – көркемдік ойлау ерекшелігі, суреткердің дүниеде, өмірде болатын, болуы мүмкін нәрселерді, жай-жағдайларды қиял арқылы елестету қабілеті, бейнелеп көрсету тәсілі. (Әдебиеттану. Терминдер сөздігі, 1998: 188-189) Көркемділіктің бастауы суреткердің сұлулықты сезіммен, талғаммен көре білуі. Сол эстетикалық қабылдауды көркем қиял арқылы көркем тілмен меңзеу, бейнелеу шығармаға көркемдік қасиет дарытады. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, берне-

леу, суреттеп ойлау» (Байтұрсынов, 2013: 154), сондай-ақ «неғұрлым жазушы қиялға бай болса, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарма сөзі пікірлі, әсерлі болып шықпақ» (Байтұрсынов, 1989: 149). Демек әдебиетте шындық пен ойдан шығарудың бірлігін танытатын көркемдік ойлау мен қиялдың эстетикалық мәні аса маңызды. «Көркем ойдың өткірлігі, тартымды бейнелігі, эстетикалық сезімнің нәзіктігі, суреткерлік шеберлік ұштасып келіп, шығармада терең мазмұн мен келісті түр, жарасымды бірлестік тапқанда ғана нағыз көркемдік келіп шығады. Ойдың сонылығы, сезімнің әсерлігі әр сөзге өң беріп, ажарландырып, бейнелілік сипатын арттыра түседі». (Әдебиеттану. Терминдер сөздігі, 1998: 196) Суреткердің көркем ойлауы мен қиял ұшқырлығы көркем образды жасау шеберлігінен көрінеді.

Көркемдік қиял мен көркем ойлаудың образ жасаудағы қызметі зор. Өнерде өмірді көркемдеп бейнелеу образ бен суретті сөз арқылы іске асады. Көркем әдебиеттің өмірді суреттеуінің басты тәсілі – образ бен образдылық.

Образ (көркем образ) – белгілі бір құбылыс, шындық жайындағы жазушы ойлауы мен танымының нәтижесін көрсететін эстетикалық категория. Көркем шығармада сөзбен сомдалған кез келген құбылысты әдеби образ деп атайды. Көркем шығармада суреттелген алуан түрлі өмір құбылыстары, сезіммен астасып бейнеленген сөз бен ұғым-түсініктер, көбінесе кейіпкерлер мен әдеби қаһармандар образ ұғымында қабылданады.

Әдебиет туралы ғылымның аса маңызды эстетикалық категориясы – образ және образдылық. Өйткені көркем образдың табиғаты көп қырлы, мағыналық аясы кең. Образ тек шындықты бейнелеп қана қоймай, оны жинақтайды. Образдың мақсаты – көркем тілмен кез келген жансыз құбылысқа, затқа, дерексіз ұғымдарға да жан бітіру, сөйлету, сурет салу.

Әдебиет теориясында образ деген ұғымның екі түрлі мағынасы бар:

1) көркем бейне, кейіпкер, тип, яғни адам образы. Оған заттық сипат тән.

2) суретті сөз, сөзбен салынған сурет, яғни образдылық. Оған бейзаттық тән. *Образдылық* – суретті, бейнелі сөз. Осы екеуінің де туындауына өмірлік құбылыстар мен объективтік шындықтар ықпал ететіні, бастау алар негіз болып табылатындығы анық.

Көркем образ – көп қырлы және күрделі әдеби-философиялық категорияның бірі. Образ көркем шығарманың сюжеттік-фабулалық

құрылымын құрайды. Әдебиетте оқиғалар, ситуациялар, характерлер – бәрі де адам бейнесімен танылады. Ол жануар не құс болсын, я қиялдан туындаған тіршілік иесі болсын – бәрібір адами мәнге толы гуманизацияланған образ болуы мүмкін. Мұның бәрі де адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын анықтайды. Көркем образ белгілі бір дәуірдегі көптеген адамдарға тән моральдық белгілерді жинақтап қамтиды. Образ әлемінен жазушының шындық пен адам туралы көзқарасы анықталады.

Образ ой мен көңіл-күйдің таңбалануы болғандықтан, ол заттық және сезімдік нұсқаға ие. Көркем образдың таңбалануы, жасалу амал-тәсілдері алуан түрлі. Көркем образды классификациялау (жіктеу) үшін тектік, тақырыптық, жинақтық, архаикалық, семантикалық, құрылымдық, стильдік сияқты бірнеше негіздерге жүгіну керек. Өйткені әр образ – өз заңдылықтары мен даралық сипаты бар өзіндік жүйе. Мысалы, әдеби тек бойынша *эпикалық, лирикалық, драмалық* деп жіктелсе, ал стильдік, тәсілдік тұрғыдан *реалистік, романтикалық, сюрреалистік, трагедиялық, комедиялық, юморлық, сатиралық, фантастикалық, геройлық* т.б. түрлерге жіктеледі. Шағын зерттеуімізде көркем образдың барлық түріне кең талдау жасау мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, бірқатарына сипаттама жасап кетелік.

Әдебиет тектерінің спецификалық ерекшеліктеріне қарай көркем образдар да өзара ерекшеленеді. Эпикалық образ кең құлашты баяндаулар мен суреттеулер арқылы бейнеленсе, лирикалық образ түрліше көңіл-күйлер мен шабытты толғаныстар арқылы жасалады, ал драмалық образ шиеленіскен тартыстар мен қым-қиғаш қимыл-әрекеттер барысында сомдалады. Эпикалық образ бен драмалық образда нақтылық сипат басым болса, лирикалық образға шарттылық тән. Ал романтикалық образ дара характерімен танылатын күрделі образ.

Эпикалық образ деп оқиғаға құрылған шығармаларда іс-әрекет, мінез-құлық, кескін-келбет, ойлау-сөйлеу әдеттері арқылы тұтастай көрініс алған, жан-жақты ашылған толыққанды сомдалған кейіпкерді айтамыз. Эпикалық образ – жинақталған әрі дараланған тип. Оның болмысын жазушы жинақтау мен даралаудың тәсілдері арқылы аша түседі. Атап айтсақ, портрет, характер, психологизм, мінездеу, диалог, монологтардың эпикалық образ табиғатын танытуда қызметі зор. Көптеген шығармаларда баяндаушы қызметін де атқарады. 3. Қабдолов «Сөз өнерінде» мынадай сипаттама береді:

«Эпикалық образ – бедерлі бейне; әрі нақты, әрі затты тұлға; кәдімгі тірі кісідей өзін көзбен көруге, сөзін құлақпен естуге, мінезін ұғуға, қимылын бақылауға болатын, бүкіл өмір жолын бар бұралаңымен байқауға, өскен ортасын барлық ой-қырымен байыптауға болатын күрделі, кесек қаһарман» (Қабдолов, 1992: 119). Әдебиетте эпикалық образға мысалдарды көптеп келтіруге болады. Өз заманының эпикалық бейнесін жасау арқылы дәуір сырын аша білген қаламгерлер әдебиетімізде баршылық. Әсіресе белгілі кезеңнің өзекті тақырыбын қамтып, замандастың адамгершілік әлемін көрсетуде романист жазушылардың атқарған ролі зор. Қазақ романының алғашқы қарлығаштары М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалындағы» Жамал, С. Көбеевтің «Қалың малындағы» Ғайша, С. Торайғыровтың «Қамарсұлу» романдарындағы Қамар мен Ахметтерден төңкеріс алдындағы ескі салт-дәстүрге қарсы тұрып, бақыт пен шынайы махаббат үшін күрескен жастардың бейнесін көреміз. Бұл көркемдік дәстүрдің Кеңес өкіметі жылдарында да қызу жалғасын тапқандығына Қазан дүрбелені тұсындағы кедей өмірін, әлеуметтік арпалыстарды суреттейтін Ж. Аймауытовтың «Қартқожасындағы» Қартқожа, «Ақбілек» романындағы Ақбілек, С. Мұқановтың «Ботакөзіндегі» Ботакөз бен Асқар, 30-жылдардағы заман өзгерісі мен жаңа типті адамның рухани жаңаруын сөз ететін І. Жансүгіровтің «Жолдастарындағы» Сатан, Б. Майлиннің «Азамат Азаматычындағы» Азамат образдары бұған дәлел.

Әдебиетімізде болмыс-бітіміне сай адами қасиеті толыққанды ашылған эпикалық образдар баршылық. Мысалы, С. Ерубаевтың «Менің құрдастарымдағы» жан әлемі бай Рахмет, М. Әуезовтің «Өскен өркеніндегі» асыл да асқақ махаббатты көксеген Ілияс пен Айсұлу, І. Есенберлиннің «Ғашықтарындағы» ақкөңіл де қиялшыл Жантас, З. Шашкиннің «Сеніміндегі» білімді де өжет Нұрлан, Ш. Мұртазаевтың «Қара маржанындағы» арманшыл Нариман, Ә. Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдарындағы» махаббат пен достыққа берік Ербол мен Меңтайлар – жастар бойындағы асыл қасиеттерді жинақтаған образдар.

Эпикалық образдың мүмкіндігі көп екенін тарихи шайқастарды, халықтың және жеке кейіпкерлердің ерліктерін бейнелеуінен де көре аламыз. Эпостық жырлардан бастап, кең көлемді эпопея мен тарихи романдарда, орта және шағын көлемді оқиғалы шығармаларда сурет-

телген кейіпкерлердің қай-қайсысы да эпикалық образдың табиғатын таныта алады.

Лирикалық образ – сезіммен өріліп, оймен мазмұндалған өлең-жырлардағы ақын бейнесі. Объективті өмір құбылыстары әсерінен туындаған ақынның субъективті көңіл-күйі мен ішкі сырын, сезім-түйсігі мен көркем танымын бейнелейтін поэзияда ақын тұлғасы лирикалық кейіпкер ретінде көрінеді. Ақын ең алдымен өз жайын, мұңын, арманын, ой-сезімін жыр етеді.

Менің өлең өмірім –
Менің мәңгі үлесім.
Біресе мұң, біресе үн...
Қуанышым, махаббатым, қызығым,
Қылдай үміт, қымбат тілім, күресім, –

деп жазған ақын К. Ахметованың осы өлең шумағы поэзия мен лирикалық кейіпкер табиғатын танытып тұрғандай.

Лирикалық кейіпкер ақынның әр өлеңде әр қырынан, әртүрлі көркемдік тәсілдер арқылы нақтылы көрініс табады. Сондықтан оның толыққанды, тұтас тұлғасын көптеген өлең-жырларынан ғана айқындай аламыз. Лирик-ақын қоғам, уақыт, адам туралы толғанғанда «мен», «біз» дей отырып, сол ортаның өкіліне айналып заман, дәуір келбетін де танытады. Қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарды, жалпы адамзат мәселесін, көптің тағдырын, қоғам, заман жайын сөз етеді. Кез келген сезіну мен толғаныс лириканы тудыра бермейтіндігін де ескерген жөн. Әлеуметтік, қоғамдық, моральдық-философиялық мәні бар толғаныстар ғана нағыз лириканы тудырады, ақынды лирикалық қаһарман деңгейіне көтереді. «Әдебиеттану терминдер сөздігіндегі» анықтамаға жүгінсек, лирикалық қаһарман – ақын бейнесінің оның шығармаларынан жинақталған тұтас тұлға ретінде көрінуі. Лирикалық қаһарманның басты ерекшелігін айқындайтын ақынның қоғамдық, эстетикалық мұраттары, идеалдары, өмір құбылыстарын, дәуірді, халық тағдырын өзінші түсініп-сезінуі. (Әдебиеттану. Терминдер сөздігі, 1998: 218) Төмендегі жыр жолдарына ден қоялық:

Жүрегімде уақыттың сызы бар,
Ой-санамда ғасырлардың ізі бар.
Ұлы дала...
Ұлы таулар...
Тұмарым,
Тұмарыма Батыс, Шығыс «қызығар»...
(Н. Оразалин)

Сезімнің тілмен төгіп кестелерін,
Ғасырдан ғасырларға
Көшті өнерім.
Ұлтымның ар-таңбасы ана тілім,
Тіл өшпесе,
Менің де өшпегенім!
(М. Айтқожа)

Түтінін түздегінің түзедік қой,
Ансаған азаттықты біз едік қой.
Далама айбын бітіп, дәулет орнап,
Тұрады азым көпке тізе бүкпей.
(К. Ахметова)

Лирикалық қаһарманның арман-аңсары, мақсат-мұраты, асыл ойлары халықтық, ұлттық мұраттармен тұтастықта патриоттық, асқақ сезіммен әсерлі беріліп отыр. Бұл жырлардағы ақынның көңіл-күйін қоғамдық көңіл-күйдің бейнесі десек те болады. Халық көкейіндегі ойды айту, көпшілік атынан сөйлей білу лирикалық қаһарманға тән басты сипат. Ақынның лирикалық қаһарман деңгейіне көтерілуі үлкен мәртебе.

Драмалық образ – сахнада өз сөзі мен қимыл-әрекеті арқылы эмоциялық жай-күйі мен мінез ерекшелігін танытатын көркем бейне. Драмалық шығармаларда кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне, ішкі сезімдеріне ерекше назар аударылады. Драмалық образдың характері кейіпкерлердің тілі (диалог, монолог, полилог) мен тартыс үстінде ашыла түседі. Кейіпкерлердің сөзі жеке-дара айтылғанмен, композициялық құрылымы тұтастық құрайды. Драмадағы оқиға, тартыс, характер – бәрі де осы образдың іс-әрекеті мен сөзі арқылы танылып, көрерменді алуан түрлі әсерге бөлейді.

Драмалық образдың жасалуы сахнада сомдалуына қатысты болғандықтан, оны «сахналық бейне» деп те атайды. Өйткені ол тек сахнада, актерлардың рөлді ойнау шеберліктерінен туындайды. Осы тұста 1964 жылы Қазақ академиялық драма театрында Ш. Айтматовтың «Құс жолы» повесі бойынша сахналанған «Ана – Жер-ана» (режиссері Ә. Мәмбетов) қойылымының табысты болуының себебі – драмалық образдардың шебер сомдалуында болғанын айтсақ болады. Осы трагедияда Толғанай образын сахналаған Сәбира Майқанова соғыс жылдары жары мен ұлынан айрылып қайғыдан қан жұтқан ана бейнесін ойнап қана қоймайды, сол кейіпкермен тұтастай кірігіп, образға мүлде еніп кеткенін көрермендердің жанарына жас тұнып қабылдауынан байқауға болады. Жалпы драмалық образ осылай жан дүние толғанысын

бере алуымен құнды. Драмалық образдың эстетикалық та, тәрбиелік мәні де осында.

3. Қабдоловтың «драмалық образдың бір кемшін жері эпикалық не лирикалық образдар секілді кітап бетінде бар қасиетін сақтап қалып, мәңгі өмір сүре алмайды; әр образ өзін жасаған актермен бірге кетеді, көрген адам санасында тек әсері мен елесі ғана қалады», (Қабдолов, 1992: 121) – деп сипаттауы бұл образдың табиғаты мен ерекшеліктерінің тағы бір қырын байқатады.

Романтикалық образ – ішкі әлемі ынтызарлық пен қайшылыққа толы, ерекше болмысымен дараланатын әдеби қаһарман. Ол – тосын жағдайларда ерекше характерімен танылатын күрделі образ. Романтикалық образға мынадай қасиеттер тән:

- айқын көрінетін даралық;
- тағдыр қайшылықтарына қарсы тұра білетін, қоршаған ортасы мен қоғамға наразылық білдіре алатын күрескерлік;
- күнделікті күйкі тіршілікке қанағаттанбау;
- асқақ идеалға ұмтылу, құштарлық;
- қиялшыл, арманшыл;
- бүлікші-батыр т.б.

Романтикалық кейіпкер айналасындағы ортаға қарсылық тудырады, ол жеке адамдармен емес бүкіл әлеммен қақтығысады. Романтикалық кейіпкердің қайшылықтарға толы ішкі әлемін суреттеу үшін оның рухани, психологиялық өмірін бейнелеуге баса назар аударады. Ондағы романтикалық сана күнделікті қалыпты өмірге қарсылық көрсетіп, шектен шыға бүлік шығарады. Романтикалық шығармалардың кей кейіпкерлері рухани биіктерге ұмтылады, ал кейбірін үмітсіздік зұлымдыққа апарады, моральдық құлдырауға ұшырайды. Мысал келтірер болсақ, А. Пушкиннің «Евгений Онегин» (1833) атты поэтикалық романындағы басты кейіпкер Евгений Онегиннің болмысында романтикалық кейіпкерге тән қасиеттер көп. Ол әр күнін бос сауықпен өткізуге үйренген 26 жастағы, дәулетті дворян әулетінен шыққан тартымды жас жігіт. Сырттай білімді, әдепті көрінгенмен екіжүзділік пен азғыруды да меңгерген. Онегиннің ақсүйектік өмірі қызықты, думанды өтіп жатқанмен, оған да үнемі көңілі тола бермейді. Тез жалыққыш, күйзеліске түскіш, оны таңқалдыру, қуанту қиын. Әйел жүрегін жаулауға икемді бола тұра, қиялында сүйіктілерінің тізімі де бар. Айналасындағы адамдарға ұқсамайтын осындай дара ерекшеліктері оны өзгенің түсінбеуіне, бақытсыз болуына себеп болады. Оның ортаны, ортаның оны жатсынуы – Евгений Онегиннің романтикалық образ үлгісі екендігін танытады.

Әдебиетке романтизм стилінің келуі көптеген романтикалық қаһармандарды тудырғанын әлем әдебиетінің классикалық шығармаларынан көруге болады. Мысалы, Джейн Остиннің «Тәкаппарлықпен жаңылысындағы» Мистер Дарси, М.Ю. Лермонтовтың «Біздің заманымыздың батырындағы» Григорий Печорин, Александр Дюманың «Граф Монте-Кристосындағы» Эдмон Дантес, Л.Н. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігіндегі» Андрей Болконский, Виктор Гюгоның «Күлетін адамындағы» Гуинплен, Жюль Верннің «Жұмбақ аралындағы» Капитан Немоларды романтикалық образдардың озық үлгілері деп айта аламыз.

Қазақ әдебиетіндегі романтикалық образдың көне түрі халық ертегілері мен аңыздарында жатыр (З. Қабдолов) деп айтылғанмен, бұл пікірді толықтай құптауға бола бермейтінін ескерген жөн. Романтикалық образ таза қиялдан тумайды, ол – қиялшыл, арманшыл, құштар, өзгеше, күрескер адамның көркем бейнесі. Қазақ поэзиясында романтикалық рух пен сарынды жыраулық поэзия мен Махамбет Өтемісұлының өлеңдерінен толыққанды көре аламыз.

...Еділдің бойы ен тоғай
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам деп едім.
Еңсесі биік ақ орда,
Еріксіз кірсем деп едім...

«Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі» атты осы өлеңінде күрескерлік пен өршілдік рух ақынның романтикалық бейнесін асқақтатып тұр.

Көркемдік таным мен шығармашылық ойлаудың нәтижесі болып табылатын көркем образ шындықты ғана бейнелеп қоймайды, ойдан шығару барысында өзгертілген басқа әлем жасайды. Әдеби образдың көп қырының бірі – жалпылық сипатына қоса, жалқылық (даралық) жағының болуы. Образдың жалпылық жағы – белгілі бір топқа ортақ қасиеттермен танылса, ал даралығы – сол образға тән ерекшеліктермен айқындалып тұрады. Өнерде образдың даралық сипатының басым болуы шарт. Теоретик-ғалым Р. Нұрғалиев: «Өнердің даралық сипаты, күдіреті – образда», (Нұрғалиев, 2005: 470) – деуінің мәні осында жатыр.

Әдеби образды тек адамның бейнесі деп қана қабылдауға болмайды. Объективті болмыстағы кез-келген құбылыстар мен сезім, түйсік, көңіл-күй сияқты дерексіз ұғымдардың өзі эстетикалық санада сәулеленіп образ түрінде көрініс алуы

мүмкін. Осы тұста Фариза Оңғарсынованың «Қырдағы қыс» өлеңіндегі жанды сурет (образдылық), образ жасаудағы даралығына ден қоялық:

Түнімен долы дауыл құрыстаған,
Секілді арыстандай жыны ұстаған.
Жамылып ақ көрпесін енді ғана,
Маужырап байтақ дала тыныстаған.
Қалыпты қарауылда жыңғыл, құрақ,
Іліп ап ақ мамықтан бір – бір тұмақ.
Мәз болып жас баладай айналаға,
Қарайды әр бұтадан күн жылтырап.

Өлеңді оқығанда Абай Құнанбаевтың танымал «Қыс» өлеңі еске оралады. Екі өлеңде де қыс мезгіліндегі дауыл, үскірік аяз сияқты табиғат құбылыстары жанды бейнеде суреттеледі. Фаризада *дауыл – жыны ұстаған арыстан, дала – ақ көрпесін жамылып маужырап тыныстап жатқан адам, ақ мамықтан бөрік киген жыңғыл, құрақ, жылт еткен күн – мәз болған бала* кейінде суреттелсе, Абайда *қыс – ақ қыраудай түсі суық, демалысы – үскірік аяз бен қар боп келіп әлек салған кәрі құданың* келбетін елестетеді. Осы екі өлеңде де табиғат құбылыстарын жанды образға айналдырып, даралық сипат беріп отырған ақын қиялы мен көркемдік танымы.


Көркем образда объективті-танымдық және субъективті-шығармашылық бастау өзара бірлікте көрініс табады. Образдың туындауына әсер ететін нақты және сезімдік факторлар өте көп. Көркем образда өмірге ұқсастық болғанымен, ол – шығармашылықпен толықтырылған, шындықтың сарапталған нұсқасы іспетті. Көркем образ – туындыгердің субъективті тұрғыда сезіммен қабылдаған өмір суреті. Онда қаламгер шындықты суреттей отырып, өзінің танымын, түсінігін, сезімін және ассоциациясын көрсетеді. Көркем образдың эстетикалық мәні – оның сұлулық, үйлесімділік мұраттарымен сәйкес жинақтай көрсетілуінде. Сол себепті образдың объективті-танымдық және эстетикалық сипаттары бар. [1-суретке қараңыз].

Әйгілі «Жаңа ғылымның» авторы, итальяндық философ, этникалық психологияның негізін қалаушы Дж. Вико «Жалпы ұлт табиғаты туралы жаңа ғылымның негіздері» кітабында (J. Vico, 1725) бастапқыда адамдар нақты бейнелермен ойлады, ал дерексіз ойлау кейінірек пайда болды деген идеяны дамытты. Архалық ойлау, яғни нақтылықты бейнелеу және модельдеу көркем шығармашылықта бүгінгі күнге дейін сақталып отыр. Визуальды ойлау – адамның

әлемді қабылдауының негізі екені анық. Көркем туынды мен түс көру арасындағы жақындықты З. Фрейдтен (Freud Sigm, 1900) бастап Э. Фроммға (Erich Fromm, 1951) дейінгі психолог-ғалымдар зерттеулерінде айтып та кетті.

Әдебиет сан ғасырлар бойы мәдени құбылыс ретінде өмір сүріп келе жатқанымен, оның негізгі компоненттері әлі өзгермеген. Бұл көркем образға да қатысты. Алайда заман өзгерісі мен уақыт ауысуының әдеби үдеріске әсер ету салдарынан көркем образдар жүйесі де үнемі өзгеріп отырады. Тарихи даму барысында көркем образ ұғымы мен оның компоненттері үлкен өзгерістерге ұшырап отырған. Мысалы, ерте

кездегі антикалық әдебиетте ілкі образ (архетип) – *мифтік, символдық, классикалық образдар* сомдалса; Орта ғасырда өнерде астарлау, тұспалдау жиі қолданылып, *астарлы, символдық образдар* көрініс тапты. Антикалық құндылықтарға бой ұрған, өнер жаңа стильдік ағымдармен дамыған Қайта өрлеу мен Ағарту дәуірінде – *классикалық және барокко, рококко* сияқты образдар бой көрсетсе; өмірді материалистік тұрғыда пайымдай бастаған Жаңа еуропалық әдебиетте – *романтикалық, реалистік образдар* қалыптасты. Әр дәуірдегі өзгерістер, өнердегі жаңа стиль образға ықпал етіп, образдың жаңа түрлерін тудырып отырады [2-суретке қараңыз].



1-сурет – Образ қырлары



2-сурет – Көркем образдың даму тарихы

Қазіргі әдебиеттануда көнелік (ілкілік), құндылық, мағыналық, жинақтық, бейнелілік сипаттары мен жасалу жолдарына (тектік, әдістік, тәсілдік) қарай көркем образды бірнеше түрге жіктеп қарастырады. Ілкі (көне) образды – *мифтік, классикалық, символдық образдар* деп атасақ, жинақтау мәнін – *типтік, дәстүрлі, ұлттық, әлемдік образдардан* байқаймыз [3-суретке қараңыз]. Көріністі суреттейтін – *пейзаждық, анималистік, детальдық-образдар*;

мазмұнына, мақсатына қарай – *жағымды, жағымсыз, гуманистік, геройлық*; шындыққа жанасымдылығына қарай – *реалистік, шартты, абстракты* сияқты түрлерге де бөлінеді [4-суретке қараңыз]. Образ әдеби тек тұрғысынан үш түрге: *эпикалық, лирикалық, драмалық* болып бөлінсе, жасалу әдісіне қарай: *романтикалық, реалистік*; ал амал-тәсіліне қарай *комедиялық, юморлық, сатиралық, фантастикалық, трагедиялық, геройлық, т.б.* болып бөлінеді.

көнелік образдар	<i>мифтік, символдық, классикалық</i>
	• Гилгәмеш батыр, Энкиду (Гильгамештың досы), Өгіз (көне шумерлік «Гилгәмеш батыр туралы дастанындағы»); Қорқыт ата, Бұқаш (көне түркілік «Қорқыт ата» аңызындағы), мифтегі құдайлар т.б.
жинақтық образдар	<i>типтік, дәстүрлі, ұлттық, әлемдік</i>
	• Прометей, Одиссей, Кентавр, Робинзон Крузо, Данко, Гамлет, Дон Кихот, Асан қайғы, Алдаркөсе, Шығайбай, Қарабай, Судырахмет т.б.
құндылық образдар	<i>ұлттық, дәстүрлі, мәңгілік</i>
	• Прометей, Асан қайғы, Шығайбай, Қарабай, Судырахмет, Атымтай Жомарт, домбыра, дала т.б.

3-сурет – Образдың жіктелуі



4-сурет – Образ түрлері

Оқырман шығарма мәнін образ арқылы таниды. Ежелгі адамның дүние мен өзін тану формасын мифтен, мифтік образдардан көреміз. «Миф – адамның болмысты, өзін қоршаған ортадағы өмірдің мәнін тануға ұмтылудағы бірінші бастау көз боп табылады» (Мәуленов, 2015: 18). Мифологияны адамның дүниені образды

түрде игерудің, шығармашылық қабілеттерін көрсетудің ең алғашқы формасы деп те түсінеміз. Мифологияда діннің, моральдың, өнер мен ғылымның да алғашқы элементтері біріктірілгендіктен (синкреттелген) ондағы психологиялық ойларды заттардың бастапқы қасиеттері ретінде қабылдайды. Ежелгі адамның


барлық психикалық процестері архетип деп аталатын ұжымдық бейсаналық күйінде болды. Санаға ене отырып, алғашқы бейне (образ) мазмұнды сипаттамаға ие болады.

Архетип (гр. Arche – бастау, typos – бейне, образ) – алғашқы бейне, идея, бейненің түпнұсқасы, атасы (прообраз). Архетип ұғымы Платон философиясында ақылмен қабылданатын нәрсе деп түсіндіріледі. Оны термин ретінде ғылымға енгізген К.Г. Юнг пікірінше, архетиптер – «ұжымдық бейсаналық» мұралықпен берілетін жалпыадамзаттық негіз болып табылады (Юнг, 1991: 304). Сондай-ақ архетиптер бейсаналық жеке психикалық белсенділіктің, адам ойлауы мен танымының, мінез-құлқы мен іс-әрекетінің әмбебап үлгілері, мәдени тұлғаның рухани шығармашылық әлемінің көрінісі болып табылады. Демек миф шығармашылығы архетиптің көркем образға айналу процесін танытады.

Мифологиялық жандар (құдайлар, нимфалар, құбыжықтар) табиғи және әлеуметтік күштердің бейнесі болды, оларды мейірімдендіруге, дуалауға, ал кейде қорқытуға болады. Өмірде тірі қалу үшін адамның қуатты қамқоршысы болу керек, бұл қамқоршылар оның құдайына айналады. Мұндай Құдайлар ролінде мифологиялық қиялда жанданған ең белгілі күштер

мен құбылыстар болады. Әр тайпаның өз құдайы, өзінің сыйынатын мифологиялық жандары пайда болады, оларды бейнеледі. Мәселен, түркінің «Оғыз Қаған» аңызындағы Көк бөрі, Мажардың «Ғажайып бұғы» аңыздарындағы Бұғы, Абайдың «Қазақтың қайдан шыққаны туралы бірер сөзіндегі» Ақ қаз, Ш. Айтматовтың «Ақ кеме» повесіндегі Бұғы-ана бейнелерінен ерте кездің танымдық сенімін көруге болады.

Мифтік образдар – мифтік дәуірде өмір сүріп, мифтік әлемдегі нәрсенің бәрін жасаушы, тіршілік атаулының бәрін дүниеге келтіруші күш. Қазақ фольклорында да мифологиялық кейіпкер бар. Олар өзінің шығу тегі мен мезгіліне, іс-әрекетіне қарай екі топқа бөлінеді. Бірі – архаикалық мифте бейнеленетін ілкі ата мен жасампаз қаһарман. Екінші топтағы кейіпкерлер – қастандық ойлаушы албасты, жезтырнак, жалғыз көзді дәу, үбе, күлдіргіш, айдаһар, жалмауыз кемпір т.б. Кейінгі замандарда исламның әсерінен бұлармен қатар пері, дию, шайтан сияқты ежелгі араб-иран әдебиетіндегі кейіпкерлер де көріне бастады. Таусоғар, Көлтауысар, Желаяк – мифтік сана кезіндегі түсінік бойынша таудың, көлдің, желдің иелері. Бұл образды халық жаңаша көркем символ ретінде пайдаланып, оларға өзінің арман-аңсарын жүктеген [5-суретке қараңыз].



5-сурет – Әлемдік образдар

Символдық образдарға Толағай мен Ерсарыны жатқызуға болады. Толағай – асқан күш иесі, алып бейне. Еліне қуаңшылық кезінде төбесін бұлт басқан тауды көтеріп әкеп мерт болады. Халыққа жаңбыр әкеп ауыртпалықтан құтқарады.

«Ерсары» аңыздағы Ерсары – асқан күш иесі ғана емес, адамдардан көмегін аямайтын мейрімді, адал кейіпкер. Бір жылы таудан аққан су мол құйылып, Үстірт пен Ақтаудың маңын су басарлықтай қауіп төнеді. Көмек сұрай келген жұртқа жауап ретінде Ерсары найзасын алып, жыра сызады. Тасыған су Ерсары сызған жырамен ағып, Каспийге келіп құйылып, жергілікті елді шайып кетуден сақтап қалады.

Жиынтық, символдық, мифтік образдарға: көне шумердің «Гилгамеш батыр туралы дастандағы» Өгіз бен оны жеңген Энкиду (Гилгамештың досы); көне түркілік «Қорқыт ата» аңызындағы Бұқаш (бұқаны жеңуші), кентавр т.т. жатады.

Классикалық образдарға айналған көне грек әдебиетіндегі Прометей, кешегі қазақ әдебиетіндегі Асан қайғы, орыс әдебиетіндегі Данко – әдебиеттер тарихына жалпы дүние жүзілік тұрғыдан қарағанда, шын мәніндегі мәңгілік образдар [3, 5-суреттерге қараңыз].

Қорытынды

Көркем образ – көп қырлы және күрделі философиялық мәнге ие әдеби-эстетикалық

категория. Оның өте кең мағынада қолданылатынын философиялық, психологиялық, эстетикалық тұрғыдан қарағанда ғана ұғына түсеміз. Образды философиялық ұғымдағы образ, психологиялық ұғымдағы образ, эстетикалық (өнердегі) образ деп те жіктеп айту орын алады (Р. Нұрғалиев). Көркем образдың поэтикалық әлемін қарастыру нәтижесінде, образға мынадай қасиеттер тән екендігін айқындадық:

- нақтылық (заттық) пен бейзаттық;
- образдылық, метафоралылық;
- символдық, шарттылық, абстрактылық;
- типтілік пен даралау;
- эмоционалды-экспрессивтілік;
- тұтастық (ой мен сезім бірлігі);
- жалпылық пен жалқылық (қайталанбаушылық);
- көпмағыналылық, аяқталмағандық;
- ассоциативтік т.б.

Осындай көптеген қасиеттерге ие көркем образды объективті-танымдық және субъективті-шығармашылық аспектілер тұрғысынан айқындай келе, оны – жан-жақты жетілген әмбебап әдеби-эстетикалық категория деген тұжырымға келдік. Сондай-ақ көркем образ феноменін зерттеуде көптеген ғылыми аспектілер аясында қарастыру керектігін де сөз еттік. Объективті болмыстағы кез-келген құбылыстар мен жанды-жансыз заттардың, деректі не дерексіз ұғымдардың бәрі де образ бола алатынын ескерсек, алдағы уақытта да осы аса мәнді әдеби категория әдебиеттанудың зерттеу пәні бола беретіні анық.

Әдебиеттер

- David Matsumoto. Cambridge Dictionary of Psychology. Cambridge University Press, 2009
- Elena Ciprianová, Zuzana Kováčová. Figurative 'eye' expressions in the conceptualization of emotions and personality traits in Slovak. *Jezikoslovlie* 19.1 (2018): 5-38
- Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Ахметов З., Шаңбаев Т. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.
- Тимофеев Л.И. Основы теории литературы. – М.: Просвещение, 1971. – 457 с.
- Хализев, В. Е. Теория литературы. – М.: Высш. шк., 1999. – 398 с.
- Джуанышбеков Н.О., Темирболат А.Б. Теория литературы: Учебное пособие. – Алматы, 2009. – 284 с.
- Goethe J.W. «The Sorrows of Young Werther,» 1774.
- Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т.1. – 384 б.
- Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 бет.
- Нұрғалиев Р. Сөз өнерінің эстетикасы. Жеті томдық шығармалар жинағы. Т.2. – Астана: Фолиант, 2005. - 470 б.
- Vico J. «The Foundations of a New Science on the General Nature of Nations» (изд.1725, 1730, 1744)
- Freud Sigm. Die Traumdeutung. – Deuticke Verlag, 1900.
- Erich Fromm. The Forgotten Language: An Introduction to the Understanding of Dreams, Fairy Tales, and Myths (1951). – М.: АСТ, Астрель, 2010. – 320 с.
- Мәуленов А. Фольклор және түркі халықтары әдебиетіндегі мифология. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2015. – 504 б.
- Юнг К. Г. Архетип и символ. – М.: Ренессанс, 1991. – 304 с.

References

- Axmetov Z., Şaňbaev T. (1998) Adebiiyettanu. Terminder sozdigi. [Literary studies. Dictionary of terms.] Almaty (in Kazakh)
- Baytursinov A. (1989) Shygarmalary: Oelender, audarmalar, zertteuler. [Works: Poems, translations, research] Almaty. (in Kazakh)
- Baytursinov A. (2013) Alty tomдық shygarmalar jinagy. T.1. [Collection of works in six volumes. V.1.] Almaty. (in Kazakh)
- Dzhuanyshbekov N.O., Temirbolat A.B. (2009) Teoriya literatury: Uchebnoye posobiye. [Literary Theory. Tutorial] Almaty (in Russian)
- David Matsumoto. (2009) Cambridge Dictionary of Psychology. Cambridge University Press.
- Elena Ciprianová, Zuzana Kováčová. (2018). Figurative ‘eye’ expressions in the conceptualization of emotions and personality traits in Slovak. Jezikoslovlie.
- Erich Fromm. (2010) The Forgotten Language: An Introduction to the Understanding of Dreams, Fairy Tales, and Myths (1951)
- Freud Sigm. (1900) Die Traumdeutung. [The Interpretation of Dreams] Deuticke Verlag. (in German)
- Goethe J.W. (1774) The Sorrows of Young Werther.
- Khalizev, V.Ye. (1999) Teoriya literatury. [Literary Theory] Moscow. (in Russian)
- Maulenov A. (2015) Folklor jane turki halyqtary adebietindegi mifologiya [Folklore and mythology in the literature of the Turkic peoples] Almaty (in Kazakh)
- Nurgaliev R. (2005) Soz onerinin estetikasy. Jetti tomдық shygarmalar jinagy. T.2. [Aesthetics of word art. Collection of works in seven volumes. V.2.] Astana (in Kazakh)
- Qabdolov Z. (1992) Soz oneri. [The art of word] Almaty. (in Kazakh)
- Timofeyev L.I. (1971) Osnovy teorii literatury [Fundamentals of Literary Theory] Moscow. (in Russian)
- Vico J. (1725, 1730, 1744) The Foundations of a New Science on the General Nature of Nations
- Yung K.G. (1991) Arkhetip i simvol [Archetype and symbol]. Moscow. (in Russian)